

## БАУЫРЛАС ЕЛДІҢ БАС МЕЙРАМЫ

Оқу ордамыздағы мәдениет орталығының үлкен залында Түркия Республикасы күні тойланды. Университетіміздің ректоры У.Абдибеков пен вице-президент М. Куталмыш Түркия Республикасының 94 жылдық мерекесімен құттықтады. Қырғыз-түрік Манас университеті өнер факультетінен келген қонақтардың театрлық қойылымы сахналанды. Қойылым Қожа Ахмет Ясауидің хикметтері жөнінде, жер асты хилуетіне түсуі туралы сыр шертті. Көрермендер көңілінен шықты. Соңы концерттік бағдарламаға ұласты. Мемлекетім әні шырқалды. Шабыт би ансамблінің биші қыздары түрік биі «халайы» биін биледі. Қырғыз-түрік Манас университеті студент жастарын ерте келген жетекшісі университет басшыларына сый-сияпат табыстады. Түбі бір түрік елінің бас мейрамы туыстас Түркістан шаңырағын шаттыққа бөледі.

3-4 БЕТТЕРДЕ

## ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ - ЗАМАН ТАЛАБЫ

4-БЕТТЕ

## ЖАҢҒЫРУҒА ЛАЙЫҚТЫ ЖАЗУЫ- МЫЗ БОЛСА ИГІ

# Ясауи

ШЫНДЫҚҚА АПАРАТЫН БІРДЕН-БІР ЖОЛ - ҒЫЛЫМ ЖОЛЫ

УНИВЕРСИТЕТ  
СТУДЕНТТЕРІНІҢ  
ҮНІ

e-mail: a.yassau@mail.ru

# университеті

№15 (442) 31 ҚАЗАН 2017 ЖЫЛ

# 29 қазан ТҮРКИЯ РЕСПУЛИКАСЫ КҮНІ

## 29 EKİM CUMHURİYET BAYRAMI KUTLU OLSUN!

## ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



Gururla kutladığımız Cumhuriyetimizin 94. kuruluş yıldönümünde, şehitlerimizin kanlarıyla sulanan vatan topraklarının bütünlüğünü ve Atatürk'ün Türk gençliğine ve Türk milletine en büyük emaneti olan Cumhuriyetimizi, Gazi Mustafa

## МЕРЕКЕ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Kemal'in veciz bir şekilde ifade ettiği "muasır medeniyetler seviyesinin üzerine çıkarma" mücadelesini, ilk günkü heyecanla, azimle ve şevkle sürdürüyoruz. Milletimizin ortak eseri olan Cumhuriyetimize sahip çıkmak, ülkemizin ve milletimizin geleceği için çalışmak, mücadele etmek, gerektiğinde fedakârlıkta bulunmak hepimizin ortak vazifesidir.

Bu duygularla, Cumhuriyetimizin banisi Gazi Mustafa Kemal Atatürk başta olmak üzere, bu toprakları bizlere vatan kılan ve milletimiz uğruna canlarını feda eden tüm şehitlerimizi ve gazilerimizi rahmetle, minnetle anar, Yüce Allah'tan rahmet dilerim.

29 Ekim Cumhuriyet Bayramımız kutlu olsun.

**Prof. Dr. Musa YILDIZ**  
Mütevelli Heyet Başkanı

Түркия халқының ең Ұлы ұлттық мерекесі – Түркия Республикасы күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Түркия Республика ретінде қалыптасуының 94 жылдығы қарсаңында үлкен белестерді бағындырды. Қазіргі Түркия елі көптеген елеулі табыстарға, ірі экономикалық, саяси және әлеуметтік жетістіктерге қол жеткізді.

Түркия Республикасы Қазақстан мемлекетінің тәуелсіздігін әлемде тұңғыш таныған ел! Бауырлас ел бүгінде әлемдік аренада лайықты орыны қалыптасқан мемлекет. Алдағы жылдарда мұнан биік шыңдарды бағындырып, дами беруіне тілектестік білдіреміз.

Екі ел бауырластығының жемісі болған Халықаралық қазақ-түрік



университетінің қалыптасуына қамқорлық жасап келе жатқан Түркияның әрбір мерекесі біз үшін де мейрам болып есептеледі! Мереке құтты болсын!

**У.С.Әбдібеков**  
Университет президенті



## АҚПАРАТ ОРТАЛЫҒЫ ХАБАРЛАЙДЫ

## ҚУАНЫШ ЕСЕЛЕНСІН



Жуырда жылдағы дәстүр бойынша қасиетті қаламыздың ең маңызды мерекелері «Қала күні» және «Алтын күз» мейрамдары аталып өтті. Мерекелер қала тұрғындарына көтеріңкі көңіл күй сыйлап, күн ұзақ әр түрлі іс-шаралардан шашу шашылды.

Дүбірлі тойдың басында қала қонақтары және зиялы қауым өкілдері арнайы дайындалған автобуспен қаладағы құрылыс нысандарымен танысты. Соның ішінде қайта жаңартылған Н.Оңдасынов көшесінің, бұдан бөлек жаңадан бой көтеріп жатқан «Рәміздер алаңы», «Түркі бағы» аллеяларының таныстырылымы болды.

«Қала күні» мерекесіндегі театрландырылған көрініс және өнер жұлдыздарының ән шашуы қаламыздың көшін нұрландыра түсті. Мерекелер барысында қасиетті өңірдің өркендеуіне елеулі үлес қосқан бірқатар жергілікті

азаматтардың еңбектері ескерусіз қалмай түрлі марапаттар тапсырылды. Марапатталған азаматтардың қатарында университетіміздің ректоры, профессор Уәлихан Әбдібеков «Түркістан қаласының құрметті азаматы» атағын алды. Сондай-ақ, университетіміздің белгілі ұстаз-ғалымы, «ЖОО үздік оқытушысы», профессор Сейдулла Садықов «Түркістан қаласына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен, елімізге белгілі спорт жаттықтырушысы, ХҚТУ профессоры Әбсадық Халилаев «Құрмет грамотасымен» марапатталды.

Қаламыздың өсіп өркендеуінде сіңірген еңбектеріңіз әрдайым лайықты бағалана берсін дей келіп, ұстаз-ғалымдарымызды қуаныштарымен құттықтаймыз!

Ақпарат орталығы

## ЖАҢА МЕЖЕЛЕР ҚОЙЫЛДЫ



Мәдениет орталығының кіші залында №2 Сенат мәжілісі өтті. Мәжіліске Сенат мүшелері және күн тәртібіне қатысы бар бөлім қызметкерлері қатысты.

Сенат отырысы күн тәртібіндегі мәселеге кіріспес бұрын, университетіміздің бірқатар оқытушы-профессорларын мерейлі жасқа толуымен құттықтап, қазақ дәстүріне сай шапан жауып, сыйақы ұсынып, құттықтау хаттар табыстады. Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы Е.Төлегенов «Ахмет Ясауи университетінің 2017-2018 оқу жылына бакалавриат, магистратура, докторантура бағыттары бойынша білімгерлерді қабылдау нәтижелері туралы қабылдау комиссиясының есебін» баяндады. Оқу орнына қабылданған білімгерлердің саны мен сапасына тоқталып, тұщымды ақпарат берді. Мұнан әрі университет ректоры, профессор У.Әбдібеков оқу орнында 2013-2014 оқу жылынан бастап бүгінге дейінгі атқарылған жұмыстар бойынша хабарлама жасады. Университетте атқарылған барлық салалар бойынша жұмыстарды қамтып толық мөлiмeт ұсынды.

Мұнан әрі академиялық мәселер жөніндегі департамент басшысы Е.Төлегенов «ЖОО-ның үздік оқытушысы – 2017» байқауына университеттің Оқу-әдістемелік Кеңесі ұсынған ОПҚ тізімін бекіту туралы жұмыстар бойынша мағлұматтар берді.

Сенат отырысында ғылыми атақ алу үшін университет ОПҚ-ның құжаттарын ҚР БҒМ-нің Бақылау комитетіне ұсыну туралы, университет оқытушы-профессорлар құрамын профессор, қауымдастырылған профессор (доцент) міндетін атқарушы қызметіне ауыстыру туралы мәселе қаралды. Сондай-ақ кейбір сенат мүшелерінің қызмет орындарының ауысуына, түркиялық қызметкерлердің келісім-шарт мерзімінің бітуіне байланысты сенат мүшелігінен шығару және қабылдау мәселесі ортаға салынды. Университет ОПҚ-ның дайындаған оқулық, оқу құралы мен монографияларын баспаға ұсыну туралы, докторанттар мен магистранттардың диссертациялық тақырыптарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және бекіту мәселесі қаралып, талқыға түсті.

Ақпарат орталығы



## ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ

Нағыз ұстаз болу – бақыт әрі абырой. Шындығында, мұғалім болу оңай болып көрінгенмен, ал нағыз ұстаз болу екінші бірінің қолынан келе бермесі анық. "Ұстазды алтын дiңгекке теңер едiм", – деп ұлы педагог Ұ. Алтынсарин айтқандай, ұстаз жолы – қиыншылығы мен рахаты бір басқа жетерлік мамандық атаулының ұлысы.

Білім беру кеңістігінде тәжірибелі де білімді, өз мамандығының хас шебері кәсіби ұстаздар жетерлік. Солардың қатарында медицина факультеті, «Жалпы хирургия» кафедрасының доценті, ХҚТУ профессоры Өтеп Мырзағалиұлы, медицина ғылымдарының докторы Ибрагим Ағаұлы Ишигов және «Профилактикалық медицина» кафедрасының меңгерушісі, биология ғылымдарының докторы, профессор Қожахмет Құлахметұлы Байтұрсыновты атап өтсек болады. Ұзақ жылдар бойы ұстаздықтың ұлы жолында өздерінің айшықты еңбектерімен дараланған ұстаздарды жылы ілтипатпен айтуға болады. Олар – ұлағатты ұстаздар. Ғибратты ғұмырының қымбат шақтарын болашақ буындарды оқыту мен тәрбиелеу ісіне арнап келеді. Өз істеріне берілген, шәкірттерінің жанына нұр құя білген ұстаздың өмірі – болашақ үшін үлкен өнеге.

2017-2018 оқу жылында «Тәрбие және мәдени істер» департаментінің ұйымдастыруымен өткен «Ұстазым менің ұстазым» атты салтанатты жиынында университетіміздің президенті У.С.Абдібеков жән I-вице-президент М.Куталмыш

сөз сөйлеп, ізгі тілектерімен шын жүректен ұстаздарды және ардагер ұстаздарды құттықтап «Ұлағатты ұстаз» медалімен марапаттады.

Оның ішінде біздің жоғарыда аталған ұстаздардың да ерен еңбектері ескеріліп, төстеріне медаль тақты.

Медицина факультетінің ұжымының атынан және медицина кәсіподақ атынан, Ө.Мырзағалиұлы, И.Ишигов және Қ. Байтұрсыновқа ұзақ өмір, қажымас қайрат, таусылмас бақыт, зор денсаулық, талмас қанат тілей отырып, шын жүректен құттықтаймыз! Ұлағатты ұстаздарымыз аман болсын және Қазақстан Республикасының туын көтеретін шәкірттері көбейе берсін, - дей отырып өлең шумағын ізгі ниетпен арнаймыз!

Ұстаз деген ұлы сөз ұлағатты, Ол болмаса, кім береді парасатты. Асылын беріп шәкірт бойларына, Ағартқан сол үшін де қара шашты.

Ұстазға әркім басын ию керек, Кемеңгер, ақылшым деп білу керек. Сен бүгін керемет боп кетсең дағы, Жеткізген сол ұстаз деп білу керек.

Жақсылар ұмытпайды ұстаздарын, Ойлайды, олар сонымен ұшталғанын. Мәңгілікке мақтанып өтеді ұстаз, Шәкіртінің биікке шыққандарын.

Сәрсенбек Тұртабаев,  
Медицина факультетінің деканы,

Ербол Төлежанов  
Медицина факультетінің  
кәсіподақ төрағасы

Жуырда «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» бағдарламасы аясында «Продүсерлік орталықтың» және Жастар орталығының ұйымдастыруымен «Менің сүйікті университетім» атты факультетаралық «Жайдарман» көңілді тапқырлар клубы ойыны өтті.



Сайысқа 3 команда қатысты: Өнер факультетінің «Актер адам бір басқа», Еркін құраманың «Стипендия 0 теңге», Әлеуметтік ғылымдар факультетінің «№1 жатақхана құрамасы» командалары.

Қазылар алқасы құрамындағы Тәрбие және мәдени істер департаментінің директоры Л.Есентаева, Жастар орталығының басшысы А.Исмаилов, былтырғы маусым ойынының чемпионы, «Ясы тарландары» командасының капитаны Ж.Әлиев сөз сөйлеп, ойыншыларға сәттілік тіледі.

Қызықты сайыс нәтижесінде, Еркін құраманың «Стипендия 0 теңге» ко-

мандасы I-орынды иеленіп, университет чемпионы атанды. II-орынды Өнер факультетінің «Актер адам бір басқа» командасы, III-орынды Әлеуметтік ғылымдар факультетінің «№1 жатақхана құрамасы» командасы иеленді. Ал, «Ең үздік ойыншы» аталымын Өнер факультеті командасының ойыншысы И.Әйтенев иеленді.

Айта кетейік, «КТК» үйірмесінің жетекшісі Б.Жолдықожаев әзіл патшалығы әлемін дәстүрлі түрде өткізуге атсылысып келеді.

Ақпарат орталығы



## БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҒҒЫРУ

## ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

«Әлемде ешбір ел өзінің жаңа әліпбиін бүкіл халық болып осылайша талқылаған емес. Біз үшін әрбір адамның пікірін білу маңызды. Латын қарпіне көшуге байланысты Президент Әкімшілігіне 300-ден астам өтініш келіп түсті. Жастардың бұл үдерісті қолдағаны қуантады» дейді Елбасы.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек. Біз бұл мәселеге неғұрлым байыппен қарап келеміз және оған кірісуге Тәуелсіздік алғаннан бері мұқият дайындалдық. Яғни, 2025 жылға қарай іс қағаздарың, мерзімді баспасөзді, оқулықтарды, бәрін де латын әліпбиімен басып шығара бастауға тиіспіз», – деді. Жұмыла көтерген жүк жеңіл. Латын әліпбиіне көшу жөнінде университетіміздегі бірқатар оқытушы-профессорлар құрамы өз көзқарастары мен пікірлерін білдірді.

Латын әліпбиін қабылдау дегеніміз – тек таңбалау жүйесін ғана ауыстыру емес. Сондықтан әліпбиді сауатты ауыстыру мәселесін мамандардың қолына тапсыру керек. Ғалымдардың ұсынған әліпби жобалары үндестік заңын, дыбыстық-мағыналық құрылымын, буын мен тасымал жігін, сөйлеу ырғағы заңдарын ешқандай жағдайда бұзбауы керек. Қазақ тілінің тарихи дәстүрге негізделген, сөйлеу тіліне сәйкес келетін өз латын әліпбиіміз болса дейміз.

**Мариямкүл Сақтағанова**  
**Филология факультеті,**  
**«Жалпыакадемиялық ағылшын тілі» кафедрасының аға оқытушысы:**

Латын әліпбиіне көшу мәселелері жөніндегі талқылауларға ғалымдар да, қазақ тіл білімінің мамандары да, жоғары және орта білім беру мекемелерінде еңбек етіп жүрген тарихшылар мен ғылыми қызметкерлер де қатысты. Бүгінде бұл мәселе кімді де болса толғандырып, тұңғыш ойға батырып жүргені сөзсіз. Біздің қоғамымыз үшін қазіргі әліпби ауыстырудың мәні басқаша. Бұл тілдік реформа. Оның нәзік тұстары көп. Бұл мәселені ғалымдармен, барлық қоғам өкілдерімен ақылдаса отырып шешудің тиімділігі ескерілді деп ойлаймын. Мұндай маңызды мәселенің бүкілхалықтық талқылауға түсуі дұрыс шешім. Латын әліпбиіне көшу барысында көршілес Өзбекстан, Түрікменстан, Әзірбайжан сияқты елдердің тәжірибесіне де қарауымыз керек. Латын әліпбиіне көшу – заман талабы. Әлемде ақпараттың басым бөлігі ағылшын тілінде таратылатынын ескерсек, еліміз үшін латынға көшудің пайдасы ұшан-теңіз. Сондай-ақ бұл өзгеріс тіліміздің фонологиялық, лексикологиялық және терминологиялық жағынан дамуына әсер етеді. Латын әліпбиі барлық салада қолданылады. Математика, физика, химия формулалары, көптеген терминдер, мамандықтарға қатысты ғылыми едебиеттер т.б латын әліпбиімен байланысты. Латын қарпіне көшу – бүкіл әлем қарым-қатынас жасайтын ағылшын тілін жастарымыздың тезірек игеруіне мүмкіндік жасайды.

**Қуанышбек Уразбаев**  
**Филология факультеті,**  
**«Ағылшын филологиясы» кафедрасының оқытушысы:**

Әліпби – ұлттық мұра. Әліпбиді таңдау – ең маңызды іс. Әліпбидегі графемаларды таңдауда ғалымдар мен қазақ тілінің мамандарының

27 қазанда Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы Жарлыққа қол қойды.

Қазақстан Президенттігі ресми интернет беттерінде жарияланған Жарлықта Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссиясының құрылатыны білдіріліп, қазақ тілі әліпбиінің 2025 жылға дейін латын графикасына кезең-кезеңімен көшуін қамтамасыз етілетіні баяндалды.

Қазақстан 2018 жылынан бастап оқулықтардың 32 әріптен тұратын латын әліпбиімен басылуы және 2025 жылына дейін барлық кітап, мерзімді баспасөз және іс-қағаздары латын әліпбиімен басылуы жоспарлануда.

ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІНІҢ  
ЛАТЫН ҚАРПІНДЕ ЖАЗЫЛУЫ

| №  | Жазылуы | Дыбыс-талуы | №  | Жазылуы | Дыбыс-талуы |
|----|---------|-------------|----|---------|-------------|
| 1  | A a     | [a]         | 17 | N' n'   | [ɲ], [ɲɣ]   |
| 2  | A' a'   | [ə]         | 18 | O o     | [o]         |
| 3  | B b     | [b]         | 19 | O' o'   | [o]         |
| 4  | D d     | [d]         | 20 | P p     | [p]         |
| 5  | E e     | [e]         | 21 | Q q     | [k]         |
| 6  | F f     | [f]         | 22 | R r     | [r]         |
| 7  | G g     | [g]         | 23 | S s     | [c]         |
| 8  | G' g'   | [ɣ]         | 24 | S' s'   | [ʃ]         |
| 9  | H h     | [x], [h]    | 25 | C' c'   | [ç]         |
| 10 | I i     | [i]         | 26 | T t     | [t]         |
| 11 | I' i'   | [ɪ], [ɨ]    | 27 | U u     | [ʊ]         |
| 12 | J j     | [j]         | 28 | U' u'   | [y]         |
| 13 | K k     | [k]         | 29 | V v     | [v]         |
| 14 | L l     | [l]         | 30 | Y y     | [ɣ]         |
| 15 | M m     | [m]         | 31 | Y' y'   | [y]         |
| 16 | N n     | [n]         | 32 | Z z     | [z]         |

пікіріне сүйенген дұрыс. Әрине бұл менің жеке пікірім. Өзім Өзбекстан Республикасы құрамындағы Қарақалпақстаннан келгенмін. 1994-95 жылдары Өзбекстанда кириллицадан латын әліпбиіне көшу процесі үлкен талқыға түсті. Қосарлы әріптер мен жаңа әріп үлгілерін ұсынғандар болды. Менде өз тарапымнан ы және і дыбыстары бөлек әріп болуға тиіс деген пікір білдірдім. БАҚ беттеріне мақала жарияладым. Бірақ айтылған пікір елеусіз сыртта қалды. Түрік тілінің нұсқасын таңдады. Мұның себебі Өзбекстан комиссия құрамындағы он екі адамның тек екеуі ғана ғалым, қалғандары шенеуніктер болғандығы. Осылайша әліпби ауыстырылды. Заң қабылданды. Аға және кіші буынның аражігі ажырады. Кириллицадан жазылған тарихи жәдігерлер оқылмады. Еңбектердің басым көпшілігі жаңа тілге аударылмай қалды. Арада қанша жыл өткеніне қарамастан, қазір Өзбекстан халқы латын әріпін ақырындап бас тартуда. Ташкент қаласындағы бірқатар газет-журналдар кириллица қаріптерімен басылууда. Қазақ елінде осындай келеңсіздіктер туындамаса деймін. Саяси тапсырманы орындау қажет. Бірақ жан-

жақты қарастырып, болашақтың қамын ойлауды да естен шығармау керек. Егер, біз кириллицадан латын әліпбиіне көшер болсақ, түпкілікті ойланп шешім қабылдауға тиіспіз. Тағы бір айтқым келетіні көпшілікте мынадай қате пікір қалыптасқан. Латын әліпбиіне өтсек, ағылшын тілін үйрену оңай болады әрі барлығы шет тілін меңгеріп кетеді. Жоқ олай емес. Мен мұны ағылшын тілінде 40 жылдық сабақ беру тәжірибем сүйеніп айтып отырмын.

**Нұрбай Досанов**  
**Инженерия факультетінің оқу-ісі жөніндегі декан орынбасары:**

Мен латын әліпбиіне көшу мәселесіне 2011-2012 оқу жылдарында қызығушылық таныттым. Себебі еліміздің болашағы тілімізде. Тіл басты құрал. Латын әліпбиін жобалауда техника жағына көп көңіл бөлудемін. Негізгі мақсатымыз әлемдік кеңістікке ену, дамыған елдермен қарым-қатынасымызды нығайту. Техника заманы болғандықтан хат-хабар компьютер арқылы жасалады. Жалпы қазір ақпараттық жүйелерде мәтінді кодтаудың екі түрі қолданыста. Жаңасы – 16 биттік ISO-10646 (Unicode) стандартты кодтауы. 16-биттік кодтау кестесіне

216=65536 таңба сияды. Бұл жер жүзіндегі барлық әліпбилер мен тіпті бірнеше мың иероглифтерді де жалғыз кестемен қамтиды. Екінші мәтінді кодтау тәсілі – 8-биттік кодтау. 8-биттік кодтау кестесіне небары 28=256 таңба сиятын болғандықтан қолданыстағы кестелер көп – әрбір әліпбиге арнап бір, тіпті бірнеше кестелер стандартталынған.

Ақпараттық технологиялар саласындағы өдет бойынша 8-биттік барлық кодтау кестелердің бірінші жартысы (яғни 0-127 деген кодтары) таза латын (яғни A-Z және a-z әріптері) әліпбиіне берілген. Бұны ASCII (American Standard for Computer Information Interchange) стандарты деп атайды. Интернет жүйесінде қазақ тілінің қолданыс аясы өте тар. Осы тұрғыдан алғанда, ақпараттық технология саласында біз көп мемлекеттерден артта қалып келеміз. Сондықтан да латын әліпбиінің мүмкіндігі мол екенін мойындауымыз керек. Қазақ тілін латын графикасына көшіру мәселесінде мен көптеген өзге авторлардың ұсыныстарымен танысып, талдадым. Кейбір алфавит нұсқалар авторлардың компьютерлік технологиямен жетік таныс болмағандықтан жүйелі ақауларға тап болған. Кейбірі онсызда көп әріп алфавитты одан сайын көбейтіпті. Ал кейбіреулері кірме әріптер деп сыңары жоқ көп қолданылатын біраз әріптерімізді алып тастапты. Бөтен тіл элементтерінен қашу кей жағдайда пуризмге соқтырады. Әріп санын күрт азайту мен бір дыбысты қос таңбамен белгілеудің кесірінен латынға тез арада көшкен өзбек, түркімен, әзірбайжандар жаңа әліпбиін қайта-қайта түзеп, әлекке түсіп жатқаны белгілі. Қазақ әліпбиіндегі әріп санын күрт кеміту орфографияға қыруар қиындық тудырады. Сауаттылықты қиындататын бір дыбысты бірнеше таңбамен берудің еш қажеттігі жоқ. Латын әріпін мүмкін болмайтын кирилл әліпбиіндегі кейбір әріпті қосар әріп, диакритикалық таңбамен бермей, сол күйінде қалдырған немесе қосымша таңба ойластырған ұтымды болмақ. Жаңа алфавит шеттен енген сөздерді, атауларды, халықаралық терминдерді жазуда ешқандай қиындық туғызбау керек. Өзіміздің ұсынып отырған жаңа әліпбиімізде түркітілдес республикалары жіберген қателіктердің қайталанбауын қадағаладым. Әрі ең кең таралған 8-биттік кесте – ISO-8859-1 (Latin 1) стандартты кестесімен сәйкестендіріп барынша жекелеген таңбалармен жасадым. Түркі тілдес елдер үшін латын графикасын енгізу арқылы біздер, бүкіл дүниежүзіндегі қазақ халқын біріктіру идеясын жүзеге асырамыз. Латын графикасындағы қазақ әліпбиіне көшудегі ұтарымыз, батыстық дамыған мемлекеттермен тереземіз теңесіп, түркі әлемімен ақпараттық-мәдени интеграциямыз нығаяды және еліміздің білім деңгейі әлемдік білім деңгейіне көтерілуіне, бастауыш сатыда оқу жүктемесінің азайып, білім сапасының артуына жаңа мүмкіндіктер туады. Өйткені қазіргі өзгермелі, ақпараттық коммуникациялық заманда латын әліпбиіне негізделген сауат ашу қажеттілігі туындап отыр.

Еліміздің Біртұтас ұлт болуын мақсат етіп, соған барар жолдағы ұлттың рухани болмысының мәні қалай болуы керектігін негіздеу қажет.

(Басы. Соңы 4-бетте)



## ЛАТЫН ӘЛІПБИ

ЛАТЫН ӘЛІПБИИНЕ КӨШУ -  
ЗАМАН ТАЛАБЫ

(Соңы. Басы 3-бетте)

Неңі негізге алып, қандай базалық құндылықтарды сақтауымыз қажет? Ертеңгі ұрпаққа табыстар мұрамыздың сипаты қандай болуы керек? бүгінгі жастар мұраты қандай? батысқа өліктеу Еліміздің болашақ межесіне үлгі бола ала ма? қазақ қоғамын іштей толғандырып жүрген басты мәселелер Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында сөз болған еді.

«Жалпы тіл білімі» сабағында 2-курс студенттерімен осы тақырыпта жүргізілген ой бөлістен олардың пікірлерін біле отырайық.

**Нұрмахан Камал:** Біз не үшін латын әліпбиіне көшуіміз керек? Әзірге алып отырған жауабымыз: «Бұл – тиімді, жаңа заман талабы және түркі тілдес ағайындарға жақын боламыз».

Жаңа заманның жас буыны ретінде мен бұл саясатты қос қолдап қолдаймын. Өйткені «Көппен көрген - ұлы той» деп Қазақстан территориясында өмір сүріп жатқан бүкіл халық ұлтына қарамай осы саясатты бірге қабылдаса, әрине. Егер олай болмаған жағдайда, яғни «Бірінші қазақтардың өздері үйреніп алсын» деп халықты екіге бөлетін болсақ, бірлігімізден айрыламыз. Сондықтан менің басты назар аударатын мәселем - осы. Егер олай болмаса онсыз да дағдарыстан көз ашпаған елді қинаудың керегі жоқ.

**Баян Әбдилхайқызы:** XXI ғасыр талаптарына сай өмір сүру үшін жаңа технологиялар, коммуникация, жастарымыздың ақпарат алмасуы, білім алу, жаңа дүниелерді үйренуіне де қажет бағыт. Әлемдегі ең құнды кітаптардың түпнұсқалары да осы тілде жазылған. Енді тек Елбасымыз айтқандай, ғалымдарымыз латын әліпбиінің қазақи нұсқасын ұсынса болғаны. Одан біздің тіліміз бұзылмайды. Керісінше, біздің әдеби туындыларымыздан шет елдегі қандастарымыздың нәр алуына, басқа ұлттардың да оқи алуына пайдалы. Оған біздің мамандарымыз атсалысады және қазақ мәдениетінің сақталып қалуына да еңбек етеді деген ойдамын.

**Абдуалибек Абдуғаниев:** Жалпы өз басым латын әліпбиіне көшуді құп көремін. Өйткені латын әліпбиінде жазылған көптеген әдебиеттер, құнды материалдар жетерлік. Сонымен қатар шет тілін үйренуге ықпалы зор. Латын әліпбиіне көшу қазақилықтың қалыптасуы деп сенемін. Бұны ең үлкен қуаныш және де рухани жаңғыру деп айтсақ артық етпес. Еліміздің асқақтығы мен биіктігі нығая берсін дегім келеді.

**Ғайнижамал Арыстанбек:** Латын әліпбиіне көшу мәселесі бүгінгі күннің басты тақырыбы болып отыр. Рухани жаңғырудың бастысы саналатын бұл мәселеге әрбір азамат бейжай қарамауы тиіс. Рухани жаңғыру арқылы ғана заман талаптарын орындай аламыз. Зар-заман ақындарына айтар болсақ, «Азулыға - бар, азусызға - тар» заманның басты мақсаты - әлем көшінен қалып қоймау.

**Бектөре Әбілхайыр:** Әліпбиді ауыстырудың астарында саяси-әлеуметтік те мән бар. Жасыратыны жоқ, орыс жазуынан қашу - көрші Ресей империясының сан ғасырларға созылған ағалық ықпалынан құтылудың, құлдық санадан айығудың бір амалы. Қазақы көпшілік қауым мұны дұрыс түсінуде. Мен Елбасымыздың жасап отырған бағдарламасын қолдаймын. Латын әліпбиінің тезірек қазақ ортасына сіңіп кетуі үшін біз қолдау көрсетуіміз керек. Еліміздің ертеңі - біз, жастар - барынша қолдау көрсетейік!

**Рабия-Бану Толқынова:** Біз латын әліпбиіне көшу арқылы қазақ тілінің таза табиғи қалпын сақтай аламыз. Секунд сайын хабар ауысқан мынадай алмағайып заманда әлем елдерімен тереземіз тең болуы үшін латын әліпбиіне көшу арқылы ұтарымыз көп. Халық латын тіліне емес, латын әліпбиіне көшіп жатқанымызды ұғынуы тиіс.

**Венера Ойылханова:** Латын әліпбиіне көшсек өткенімізді жоғалтамыз деген ойдан арылуымыз керек. Қазіргі қарбаласқан заманда талпыныс болса бәріне жетуге болады. Жастарымыз бұл жобаны бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып қолдар болса, барлығы жеңіл болары ақиқат.

**Ажар Ахмет:** Еліміз үшін, оның болашағы үшін мемлекеттік тілді латын әліпбиіне көшіру - ұтымды шешім. Латын әліпбиіне өту арқылы қазақ тілін орыс тілінен еніп жатқан қоспалардан шектейміз. Мүлде қазақ тілін білмейтін отандастарымыз үшін дәрежесі өсіп, амалсыздан болса да үйренуіне тура келер еді. Түбі бір түрік қандастарымызбен де жақын болудың бір жолы - тіл. Тіліміздегі қателіктер мен мәселелер де өз шешімін табар еді. Барлық нәрсе жаңару мен жаңғырудан басталады. Биік белестерді бағындырып, әлемде жоғары сатыға шығуға қолайлы мүмкіндік деп білемін.

Дайындаған: Гүлдана Қарабекова

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы ұлттық рух пен ұлттық сананың кемелденуіне жол сілтеген, рухани жаңғырудың бағдарламалық бағыттарын айқындап берген құжат болды.

Елбасымыз күн санап аса қарқынмен өзгеріп жатқан заманда қатардан қалып қоймау үшін XXI ғасырда ұлттық санамыздың қай деңгейде болуы керектігі, тұтас қоғамның санасын, сол қоғамда өмір сүріп жатқан әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың басты бірнеше бағыттарын санамалап көрсеткен.

1. Бәсекелік қабілет
2. Прагматизм
3. Ұлттық бірегейлікті сақтау
4. Білімнің салтанат құруы
5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы
6. Сананың ашықтығы.

Қазақстан қоғамы үшін әлеуметтік-экономикалық, саяси-мәдени өзгерістер мен бәсеке үдерісінде адам ресурсын сапалы дамытудың маңызы өте зор. Оны орындау үшін нарықтық экономикаға негізделген бәсекеге лайықты жаңа заманда жаңаша

## ЖАҢҒЫРУҒА ЛАЙЫҚТЫ ЖАЗУЫМЫЗ БОЛСА ИГІ

ойлайтын жеке тұлғаны дайындау шарт. Қазіргі таңда білімге ерекше көңіл бөлінгендігі белгілі. Ол бүгінгі ескеңе өмірдің талаптарына сай маңыздылығымен ерекшеленеді. «Халықтың кемеліне келіп өркендеуі үшін ең алдымен азаттық пен білім керек» деп көрегендікпен Шоқан Уәлиханов айтқандай, халқымызды кемеліне келтіру үшін жастарымызды білімді, мәдениетті, Отанын, тілін шексіз сүйетіндей етіп дайындауға әрбір ұстаз міндетті. Елбасы жүргізіп отырған парасатты саясаттың арқасында мемлекеттік тіл - қазақ тілі де елімен бірге өзінің қайта өрлеуінің әрбір күні ғасыр жүгін арқалаған ауыр болса да - абыройлы, күрделі кезеңін жүріп өтті. Ендігі мақсат тәуелсіз Қазақстанның өсіп келе жатқан жас ұрпағын өз Отанының мемлекеттігінің кепілі - мемлекеттік тілді құрметтеуге баулу, оны оқып үйренуге деген қызығушылықтарын арттыру болмақ.

«Біз жаңғыру жолында бабалардан мұрас болып, қанымызға сіңген, бүгінде тамырымызда бүлкілдеп жатқан ізгі қасиеттерді қайта түлетуіміз керек», - дейді Елбасы өз сөзінде. «Дестүрдің озығы бар, тозығы бар» дегендей, озығын алып, тозығын тастауға үндейді. Қазақ халқының рухани-мәдени құндылықтар жүйесі жалпы түркі халықтары ата-бабаларының дүниетанымымен, тарихымен өмір тәжірибесімен үздіксіз жалғасып келе жатқан тұтас құбылыс. Ата-бабаларымыздың баяғыдан келе жатқан үлкен құндылықтар жүйесін жастарымыз да санасына сіңіріп, әр нәрсеге сын көзбен қарап, жақсыдан үйреніп, жаманнан жиреніп өссе, нұр үстіне нұр болар еді.

«Мен қазақстандықтардың ешқашан бұлжымайтын екі ережені түсініп, байыбына барғанын қалаймын. Біріншісі - ұлттық код, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі - алға басу үшін ұлттық дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек», - дейді Елбасы жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болатынын, жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты - сол ұлттық кодыңды сақтай білу екендігін айтады.

Ұлттық код қайда? Ұлттық код - ең алдымен, тілімізде, ділімізде. Ұлттық кодымыз ізгілік, адалдық, инаттылық, адамгершілік, парыз, ақыл-парасаттылықтан өрілген. Қазақтың ұлттық коды «Үлкенге - құрмет, кішіге - ізет» әдебімен өрістеген. Осы ұлттық коды дамыта отырып, рухани мәдениетімізді жаңғыртуымыз қажет. Ұлттық

кодымызда ұят ұғымы берік орын алады. Кішкентай кезінен бастап, ұят боладыны айтып өсірген ата-ана баласын адалдыққа, тазалыққа, адамгершілікке тәрбиелейді. «Өлімнен ұят күшті» деген адамгершілік ұстанымды қалыптастырады. Еліміздің біртұтас ұлт болуы мақсатында, соған барар жолдағы ұлттық рухани болмысының мәні қалай болуы керек, бүгінгі жастар мұраты қандай деген бүгінде қазақ қоғамын іштей толғандырып жүрген басты мәселелердің шешімі мен оның бағдары осы бағдарламада кеңінен

бүгінге дейін қолданыста бар (Қытайдағы қандастарымыздың қолданысында). Қазақ жазу ілімі теориясында еріп саны фонема санымен бірдей болуы жетілген жазу екенін танытады деген тұжырым А. Байтұрсынұлы еңбектері арқылы ұғынылды, «бір еріп - бір дыбыс» деген графикалық сана қалыптасты.

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты латын әліпбиіне көшудегі шетел тәжірибесін әбден зерделеп шыққандықтарын айтып та, жазып та жатыр. Жекелеген адамдардың емес, тұтастай



қозғалып, тиянақталған.

Елбасының руханиятқа, білімге, ғылымға мән беруі - еліміздің болашағы үшін жасалып жатқан жұмыс. Білім әлемдік, тәрбие ұлттық болуы керек. Заман ағымынан қалып қоймау үшін үштілділік мәселесін түсіністікпен қабылдай отырып, қандай жағдайда да қазақ тіліне басымдық берілуін құптаймыз. Тәрбиесіз берілген білімнің адамзаттың қас жауы екендігін айтып кеткен ғұламалардың пікіріне алып-қосарымыз жоқ.

Елбасымыз таяу жылдардағы басты міндеттердің бірі және негізгісі ретінде қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын біртіндеп бастау керектігін нақтылайды. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап айтыла бастаған бұл мәселенің қазір шешілетін сәті келгендей. Жазылып жатқан пікірлер де көпшіліктің бұл реформаны қолдайтынын аңғартады.

Жазу - адамзат ақыл-ойы дамуының жетістігін көрсететін мәдени құндылықтар қатарына жатады. Барлық халықтың өркениет әлеміне аяқ басуы жазба дәстүрдің қалыптасуынан басталады. Адам санасының жетілуі мен қоғамның мәдени өркендеуімен қатар жүретін жазба дәстүрдің дамуы сол жазуды қалыптастырып, дамытушы этностың рухани және қоғамдық қажеттілігінен туындайды.

Жазу бір қарағанда қосалқы қарым-қатынас құралдарының бірі ретінде ғана көрінуі мүмкін, шын мәнінде жазба тіл жалпы адамзат тілін бейнелейтін коммуникация құралы болып табылады. Сондықтан әр дәуірде, әр халықта қолданылған жазба тіл өз кезеңіндегі ауызша тілдің құрылымдық ерекшеліктерін танытумен қатар сол тілде сөйлеуші халықтың дүниетанымының, дара болмысының көрсеткіші де бола алады.

Қазақ жазуының өткен тарихы ауыр болғандығын көзі қарақты оқырман білетін болар. Ендігі басты мәселе қазақ әліпбиінің жаңа графикадағы бірыңғай стандартты нұсқасын қабылдау. Біздің пайымдауымызша, мұндай стандарттың негізі бізде бар. Ол Ахмет Байтұрсынұлы жасаған әліпбидің латынша таңбалық нұсқалары, яғни төте жазуының латынша берілген нұсқасын негізге алып, бүгінгі қазақ латыншасының жетілдірілген нұсқасын жасауымыз жөн болар еді. А. Байтұрсынұлы түзген араб таңбасына негізделген әліпби қазақ тілінің сөйлеу тілін дәл таңбалайды; барлық емлелер нақтылығымен, ғылымилығымен ерекшеленеді;

бір институттың мамандарына әліпби жасауда басымдық беру керек деп ойлаймыз. Әліпбиді тіл мамандары, әсіресе фонетист мамандар жасайды. Өзбекстанда латын әліпбиін жасауда мамандардың қатыстырылмағаны да айтылып жүр. Соның зардабы да болды. Сондай жағдайлар орын алмас үшін асығыстық жасамай, осы бастан осы мәселені реттеп алғанымыз дұрыс.

«Егер тілтанушы мамандар мықты болса, кез келген графиканы өз ұлтына сәйкестендіріп, әліпби жасап алады. Ахмет Байтұрсынұлы араб жазуын пайдалана отырып, қазақтың ұлттық әліпбиі - төте жазуын жасады. Егер кирилл жазуында қала берсек, шет тілінен енген сөздердің бәрі орыс тілі арқылы кіреді. Олай болса, жаңа сөздерді қазақша айтылу жүйесіне сіңдіре алмай қаламыз. Енді жаңа сөздерді тілімізге икемдеп, кирилл жазуымен түсірсек, оның образы қабылданбайды. Егер латын қаріптерімен жазсақ, қабылдауға жеңіл. Өйткені латын әліпбиінде сөзді басқа тілдің ережесімен жаз деген стереотип жоқ. Сондықтан латынға таза тілтанымдық тұрғыдан көшуіміз керек. Сонда шет тілден енген сөздерді игеру механизмі қайтадан іске қосылады, тіліміздің иммунитеті күшейеді. Ахаңның «Ел бүгіншіл мен ертеңшіл» дегені осы», - дейді тілші ғалым Анар Фазылжанова.

«Бүгінгі қазақ жазуына, тек әліпби ауыстыру ғана емес, түбегейлі реформа керек», - дейді фонетист ғалым Ә. Жүнісбек, - реформа бір ғана әліпби ауыстырумен тынбайды. Реформа іш мәселені - дыбыс, әліпби және еміле-ереже - бірдей қамтиды: дыбыс - өзге тілдерден бөлектеніп тұратын тілдің тұрпат-тұрқы; әліпби сол дыбыстың қауызы, басқаша айтқанда, қорғаны мен оққағары; еміле-ереже - дыбыстардың басын біріктіріп, сөз құрап тұратын дәнекері. Осы үш мәселе бір-бірімен байланысты және қатар шешілмей төл жазу қалыптаспайды. Ал әліпби ауыстыру қазақ жазуына реформа жасаудың алғы шарты және ең төте жолы болып табылады. Егер латын таңбаларын баптап қабылдай алсақ, онда көптеген тіл бұзар әріптер мен еміле-ережелер өзінен-өзі түсіп қалады».

Гүлімжан Жылқыбай  
«Қазақ филологиясы»  
кафедрасының меңгерушісі



## СТУДЕНТ ЖАЗБАЛАРЫ



## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ ТАМЫРЫ ТУҒАН ЖЕРДЕ ДЕ БІЛЕМІН



Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының мәні мен маңызы қадірі мен қасиеті адам баласының мәңгілік жүрегінің түкпірінде тұнып жататын аяулы мекенге деген өлшеусіз асыл махаббат. Осынау шәрбат судан да тәтті сезімді дүниенің қай түкпірінде жүрсек те мәңгі есте ұстап үнемі жәрдемдесуді ұмытпау қажет.

Қарап тұрсақ бар нәрсеге бір нәрсе себеп деген келелі сөз бар. Адам баласы шыр етіп дүние есігін ашқан сәттен бастап ол нәрестенің ата қонысы болары хақ. Әрбір тасы мен тауы, өзені мен көлі әрқашан пенде баласының жүрек түкпірінде сайрап жатады. Тіптен Таяу шығыс пен Мысыр елінің айбынды да даңқты билеушісі Сұлтан Бейбарыстың тарихи ефсаналарда туған жерді аңсауы тұрғысында жазылған түрлі аңыздар бар. "Египет елі мені әкесіндей көреді, мешіттермен мұнаралардың басына

есімді жазып, халқы әнге қосып айтады",- дейді. Қанша жерден мадақ пен мақтау көрсе де бар билігін тастап туған жерге, жусан иісіне қайтып келгені жайында осы күнге дейін ел арасында айтылып келеді. Ақиық ақын Мағжан Жұмабаевша айтар болсақ, "тұлпарда көксемей ме туған жерін",- деген екен. Рухани жаңғыру мақаласын оқып отырып, еріксіз көзге жас үйіріледі. Неге? Өйткені тағдыр адам ба-

ласын ер жеткен шағында өзінің аунап қунап өскен алтын тамырдан жыраққа бейтаныс ортаға қарай топ етіп алып барады. Сол кезде туған ел топырағының құдіретін іздеп, еріксіз көзге жас ала құштарлықпен аңсауда болары айқын. Шіркін-ай уақыт қаз-қалпында тұрар немесе кері шегінер болса, бір сәт болсын туған ауылға әсіресе күннің шуғына малынған кездерге қайтіп барар едік. Қазақ халқының алтынға бергісіз сөзі ойға оралады. «Бұл ғұмырда қанша жоғарыласаңда артыңа бұрыл, өткеніңе қарайла» деп айтып кеткен. Менің ойымша әрбір азамат менің отанымның тамыры ауылдан басталады деп ойласа, ол азаматтың туған ел алдында абыройы асқақ деп білемін.

Олжас ЖОЛДЫБАЕВ,  
студент

## Ойшыл қазақ тойшыл қазаққа айнала ма?

Әр ұлттың өзіне тән дәстүрі мен той өткізудегі ерекшеліктері бар. Баяғыда қазақтар туған-туыс, құда-жекжат, дос-жарандарын шақырып, жалғасып келе жатқан дәстүрдің негізінде тойды өткізіп отырған.

Қазақта «Көрпеңе қарай көсіл» деген сөз бар. Ал қазіргі таңда той өткізу бәсекеге айналып кеткен. Бір-бірімен жарысып, той өткізіп ысырапшылыққа жол беріп жатады. Үлкен шығынға батарын біліп тұрса да «ұят болмасынға» салып қарызға белшеден батып жатады. Несиеге дүркіретіп той өткізіп алып, бірнеше жыл сол қарызын төлеп жүргені. Жастардың бақыты үшін жасалған той, думан бір күнде өтіп кетеді де, кемінде 3-5 жыл итке сүйек қарыз

болған ата-ана қала береді. Қарызын қайтара алмай жүрген қазақ отбасылары жетерлік. Қазіргі нарықтық қоғамда азды-көпті ойын-күлкіден тұратын тойларды тоқтатып, өскелең ұрпаққа пайдалы іс жасауымыз керек деп ойлаймын. Тойға кеткен той шығынының орнына сол қаржыға жастарға баспана алып берсе жарасар еді. Думандатып той тойлағанды кім ұнатпасын?! Әрине, жағдайы келіп тұрса ақ түйенің қарны жарылар той жасағанға не жетсін. Жағдайы болмаса да, жұрттан қалмаудың қамымен шығынға батудың керекі жоқ. Ұлы ойшыл қазақтан, той тойлаған тойшыл қазаққа айналып кетпесек болғаны.

Балапан Қастер

## Асқазанға түскен жалған ас

Осы күнге дейін асқазанымызға түсіп жатқан тағамдардың сапасында бірінің хабары болса, енді бірінің хабары жоқ. Дәміне қызығып немесе арзан бағаға жүгіреміз. Сіз білесіз бе? Кейбір тағамдардың резеңкеден, пластмасса қосындысынан және басқа да химикаттардан жасалатынын. Қытайда заттарды ғана емес, көптеген тамақ өнімдерін де жалған өнімдерден өндіреді. Әлемнің көптеген елдеріндегі дүкендер, қытай азық-түлігімен толып тұрғаны барлығымызға мәлім.

Ал сіз, 690-693 штрих-коды бар тағамдарды алуға болмайтынын білесіз бе? Міне факты, бұлар шикі зат. Мысалы қарапайым тауық етіне

барлығымыз құмармыз. Дайын тамақ десе алып-ұшып тұрамыз. Мұның зиянын кім ойлайды. Өздеріңіз білетіндей құс тұмауы бойынша Қытай әлемде көш бастап тұр.

Ал біздің асымыз дәл осы ауруға шалдыққан құс емес екеніне ешкімде кепілдік бере алмайды. Тағы ескеретін жағдай тауықтарға жылдам жетілетін, гормонольді дәрілердің аса көп мөлшерде берілуі. Сондықтан аузымызға алған асымызға мұқият болайы! Жалпы отандық өнімдерге жүгінгендеріңіз абзал. Денсаулығымызды сақтайық!

Шапағат Файбулла



## САБАҚҚА АСЫҚ БОЛ, КЕШІГУДЕН ҚАШЫҚ БОЛ

